**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ**

**«№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының өзін-өзі бағалау**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Ақтөбе қаласы , 2025 ж**

**Өзін – өзі бағалау туралы <u>қорытынды</u>**

«№6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

(*білім беру ұйымының атауы)*

**Ақтөбе қаласы** «05» мамыр 2025 жыл,

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде, 2025 жылғы 05-26 мамыр күндері аралығында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына өзін – өзі бағалау жүргізілді.

**Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:** ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін – өзі бағалау 2025 жылғы «05» мамырдағы №25 бұйрығымен балабақша бекіткен комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) өткізді, құрамында:
1.Бурханова Жеңісгул Жаншина - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ № 6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасы, комиссия төрағасы;
2.Малаева Гулжан Абдировна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, әдіскері, комиссия мүшесі;
3.Надиршина Қалыгул Актуриевна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4.Кубаева Карлығаш Абилхайыровна -«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК, кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі;

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша өзін – өзі бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

| **1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер** | |
|---|---|
| **1)** | **білім беру ұйымының толық атауы** *(заңды тұлғаны тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтамаға/куәлікке сәйкес білім беру ұйымының атауын көрсету).*<br>«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны |
| **2)** | **білім беру ұйымының орналасқан жері** *(заңды мекен жайын және нақты орналасқан мекен жайын көрсету).*<br>Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Ұзақбай Құлымбетов көшесі 171 а үй. |
| **3)** | **заңды тұлғаның байланыс деректері** *(білім беру ұйымының телефонын, электрондық поштасын, ресми интернет-ресурсын көрсету).*<br>тел:8-707 327 45 75–меңгеруші; инст : 6ormanertegi сайт: orman-ertegi-6.testim.kz почта: 6-orman-ertegi@aktgoroo.kz |
| **4)** | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері** *(басшының Т. А. Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетілсін, бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).*<br>Меңгеруші: Бурханова Жеңісгүл Жаншина, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 04.02.2021ж. № 39 бұйрығымен меңгеруші қызметіне тағайындалған. |

| | |
|---|---|
| 5) | **құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** *(тіркеу нөмірін, БСН, анықтама берілген күнді/заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік, Жарғының деректерін көрсету, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).*<br>«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ырғыз аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі.Заңды тұлғаны мелекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. Берілген күні: 06.01.2022 ж. Алғашқы тіркелген күні 22.10.2005 жыл, БСН 051040003382 .№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы МКҚК Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің «30» «қараша» 2021 жылғы №390 қаулысымен бекітілген.. |
| 6) | **рұқсат беру құжаттары** *(бұйрықтың нөмірі мен күнін, білім беру қызметіне лицензияның берілген күнін және нөмірін, оның ішінде оған қосымшаны және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талонды көрсету, лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері қоса беріледі).*<br>Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 13 ақпанында №KZ45XXX00007829. хабарламасы бар. |
| **2. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын өлшемшарттар** | |
| 1) | **оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Әділетте № 29031 нөмірімен тіркелген)* **және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, Әділетте № 8275 нөмірімен тіркелген)* **сәйкестігі**.<br>Оқу жұмыс жоспарларының (вариативті болған жағдайда) және ұйымдастырылған іс-әрекеттің, оның ішінде оның ұзақтығының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МТО ҮОЖ) сәйкестігіне талдау жүргізіледі, бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестелерінің көшірмелері алынады.<br>**Талдау нәтижелері:** Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу келесіні көрсетті. 2024-2025 оқу жылы бойынша оқу жұмыс жоспары Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіліп, №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» меңгерушісі тарапынан бекітілген .<br>2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 6 топқа арнап ( ортаңғы-2 топ, ересек-2 топ, мектепалды- 2 топ) құрылған. Оқу жұмыс жоспары ортаңғы топта (3 жастағы балалар), ересек топта (4 жастағы балалар),мектепалды (5 жастағы балалар)<br>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген « **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»**, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығының 2-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары»( жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде ортаңғы топ пен ересек топ тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары және 3- қосымшасы «**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**» ( жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде мектепалды топқа арнап құрылған.<br>2024-2025 – оқу жылында ортаңғы тобында вариативтік бөлім «Кішкентай зеттеушілер» , «Әдептен озбайық» және ересек тобы үшін вариативтік бөлім - «Жас дарындар», «Атамекен», мектепалды тобы вариативтік бөлім «Байқампаздар», «Салт- дәстүрім қазынам», жоспарланып алынған. Топтардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі және күні бойы орындалуға тиіс іс-әрекеттердің күн тәртібі де бекітілген. |

| | |
|---|---|
| **2)** | **мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес** *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Әділетте № 14235 нөмірімен тіркелген)* **және білім беру бағдарламаларымен (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) білім беру қызметін жүзеге асыру.**<br>Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:<br>1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МТО ҮОБ) сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1) және 4) тармақшаларына, 13, 15, 17-тармақтарына, оның ішінде:<br>тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;<br>ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;<br>білім беру іс-әрекетін тиімді интеграциялау;<br>сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;<br>ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері;<br>2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1) және 5) тармақшаларына және 16-тармағына МТО ҮОБ-на сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар әзірлеген білім беру бағдарламаларына (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкестігі, оның ішінде:<br>МТО ҮОБ-ның мазмұнында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;<br>мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;<br>тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы мен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;<br>ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері;<br>білім беру қызметін тиімді интеграциялау;<br>тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану;<br>3) жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасының 6-тармағына және МТО ҮОБ-на;<br>4) ұйымдастырылған іс-әрекетті интеграциялау арқылы балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, олардың физикалық дамуы, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасының 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтарына және МТО ҮОБ-на;<br>5) тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасының 18-тармағына және МТО ҮОБ-на;<br>6) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі МТО ҮОБ-на қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарлануы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-қосымшасының 20-тармағына.<br>Тәрбиеленушілердің мүдделерін, қажеттіліктерін, жас ерекшеліктерін және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша толық талдау жүргізіледі: құзыреттілікті дамыту, жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктер мен дағдыларды қалыптастыру бойынша талдау; мектепке дейінгі білім беру ұйымы әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламаларын талдау (оқу, арнайы, вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша); іс-шараларды (балаларды қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, қатайту рәсімдері, балалардың үйге кетуі) қамтитын күн тәртібін |

талдау; мынадай нысандарды көздейтін балалар қызметінің түрлері бойынша талдау: ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, пәндік, моторлы, бейнелеу); оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарларын талдау; тәрбие-білім беру процесінің апта сайынғы циклограммаларын талдау; бағаланатын кезең үшін баланың жеке даму карталарын, оның ішінде оның ұзақтығын МТО ҮОБ-ның 5-тарау 230-тармағына сәйкес талдау;

7) тәрбиеленушілердің мүдделерін, қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиелеу-білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 5-тармағына, оның ішінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуды жүзеге асыру;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету;

салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, қимыл-қозғалысын, бейімделуін, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдыларын, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасын, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениетін, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздерін, патриотизмді қалыптастыру;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС мен МТО ҮОБ-на сәйкес тәрбиелеу-білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы «Бірыңғай тәрбие бағдарламасына», «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға, мүдделі мемлекеттік органдармен «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарға, сондай-ақ білім беру-тәрбиелеу жоспарына сәйкес тәрбие-білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша, сондай-ақ бағаланатын кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру жұмысын талдау жүргізіледі;

8) баланың білім алу қажеттіліктеріне, білім беру траекториясына және түзету жұмыс жоспарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 14 және 19-тармақтарына сәйкестігіне талдау жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру бойынша талдау, оның ішінде бағаланатын кезеңдегі жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларына талдау жүргізіледі.

**Талдау қорытындылары:** Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу **барысында**

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына сәйкес 2024-2025 оқу жылындағы ортаңғы және ересек, мектепалды топтарына арналып құрылған перспективалық жоспары ұсынылған. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып құрылған педагогтердің циклограммалары да бар. Циклограмма құру барысында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілген. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында көрсетілген тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру, ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны, білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктірілуі, сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз етілген, ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

2)№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасында 2024-2025 оқу жылында ортаңғы топта «Кішкентай зерттеушілер» атты, ересек топта «Жас дарындар», «Атамекен», мектепалды тобында «Байқампаздар», «Салт- дәстүрім қазынам», атты вариативтік бағдарламалар жүзеге асырылған.

| | |
|---|---|
| | Оқу бағдарламасында көрсетілген міндеттер вариативті бағдарламада да жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету, ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже, білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.<br>3) Тәрбиешінің жұмыс циклограммасы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.<br>4) Перспективалық жоспарлары мен циклограммалары үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер жас ерекшелігіне сәйкес бес дағды бойынша құрылған. Олар:<br>- Физикалық қасиеттерді дамыту. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырылған.<br>- Коммуникативтік дағдыларды дамыту.Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырған.<br>- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырылған.<br>- Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалған.<br>- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтылған.<br>5) №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылған.<br>6) Тәрбиешілердің циклограммаларын зерделей отырып, тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас ерекшеліктері және жеке ерекшеліктері ескере отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарланғандығы анықталды. Тәрбиеленушілерде құзыреттілікті дамыту, жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, мектепке дейінгі білім беру ұйымы әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламалары құрылған. Сонымен қатар күні бойы орындалуға тиіс іс-шараларды (балаларды қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, қатайту рәсімдері, балалардың үйге кетуі) қамтитын күн тәртібі талданды. Күн тәртібі жас ерекшеліктері сай құрылып, бекітілген.<br>7) )№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасында тәрбиелеу-білім беру процесінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылып жатқандығы анықталды. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте, іс -шараларды балалардың |

| | |
|---|---|
| | құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етілген. Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптастырылып жатқандығы циклограммада көрсетілген. Тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері жас ерекшеліктеріне сәйкес дамып келеді. Циклограммада көрсетілгендей «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыра отырып балалардың бойында Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленетіні көрінеді.<br>8)№6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасында ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілердің болмағаны анықталды. |
| | |
| **3)** | **Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидаларын сақтау** *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 29329 нөмірімен тіркелген).*<br>**Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:**<br>1) білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйым түріне сәйкестігі бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағына (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 8390 нөмірімен тіркелген);*<br>2) ұйым жарғысында айқындалған функциялардың Қызметтің үлгілік қағидаларының 11, 12-тармақтарына, 20-тармағының 1) тармақшасына;<br>3) бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жас топтарын жинақтау және толтыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 6, 7 және 8-тармақтарына;<br>4) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау жөніндегі нормалар бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 9-тармағы *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 13272 нөмірімен тіркелген);*<br>5) ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 10-тармағына;<br>6) бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін орындау бойынша, оның ішінде тәрбиленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін Қызметтің үлгілік қағидаларының 12-тармағына;<br>7) Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 20883 нөмірімен тіркелген)* мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 13-тармағына;<br>8) білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде кезеңдерді сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 14-тармағына;<br>9) тәрбиеленушілердің орнын сақтау, сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 15 және 16-тармақтарына;<br>10) ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен алынатын ай сайынғы төлем бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 17-тармағына;<br>11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен басшыларын аттестаттау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 18-тармағына;<br>12) «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына *(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрық, Әділет ақпараттық жүйесінде № 23469 нөмірімен тіркелген)* сәйкес балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі ескеріліп, тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 6) тармақшасына;<br>13) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер ағымдағы медициналық |

бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруы бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 4) тармақшасына;

14) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен (ұлттық білі беру деректер қоры) автоматты түрде ақпараттармен алмасу және мәліметтерді өзектендіру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 8) тармақшасына;

15) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына қойылатын талаптарды сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 21-тармағына *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 33166 нөмірімен тіркелген);*

16) педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогті қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 22-тармағына;

17) жыл сайынғы медициналық тексеруден өту бойынша *(«Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 21443 нөмірімен тіркелген)* Қызметтің үлгілік қағидаларының 25-тармағына;

18) мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, «Білім туралы» Заңның 63-бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталуы бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 26-тармағына;

19) ата-аналардың қажеттілігін ескере отырып, отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан кеңестік пункттер құру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 27-тармағына;

20) аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 28-тармағына;

21) дара басшылық және алқалық басқару қағидаларын (педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестердің қызмет етуі) сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 29-тармағына;

22) мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас бойынша (балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шарт) Қызметтің үлгілік қағидаларының 31-тармағына сәйкестігіне талдау жүргізіледі.

**<u>Талдау қорытындылары:</u>**

Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен вариативтілігін қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы білім беру жағдайларын жасау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында қарастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағына сәйкес «бөбекжай-балабақшасы» болып жасақталғаны анықталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар сүйене отырып №6«Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің «23» «желтоқсан» 2021 жылғы №469 қаулысымен бекітілген. Бөбекжай-балабақша Жарғысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алып жұмыстанған. Жарғыда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар орындалған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамытуға олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға негізге алынып жұмыс түрлері жүргізілген .

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес педагогикалық кеңестің білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс жоспары (жылына кемінде 5 рет) және хаттамалары жасақталған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады» -деп көрсетілген. Бөбекжай-балабақшасының штат кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде 2022,2023,2024 оқу жылдарына ұсынылған. Бөбекжай-балабақша Жарғысының 13 бөлімі 13.2 тармағында қызметкерлердің үлгі штаттары көрсетілгені туралы зерделенді.

2024-2025 оқу жылында 6 топқа жасақталып құрылған.Оның ішінде 2-ортаңғы, 2- ересек,2- мектепалды топ жұмыс жасайды. Барлығы: 16 педагог. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде жасақталып білім бөлімі тарапынан бекітілген.Оның ішінде 1меңгеруші-1,0 жүктеме, 12 тәрбиеші- 1,125 жүктеме, 1 әдіскер-1,0жүктеме,1 психолог- 1,0 жүктеме, 1 музыка жетекшісі-1,5 жүктеме.

Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) психологиялық-педагогикалық қолдау бөбекжай-балабалабақша Жарғысының 5 бөлім 4 тармақ 1тармақшасында көрсетілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша 2-тарау мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібіне сәйкес бөбекжай-балабақша Жарғысының белгіленген жалпы ережелер, кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары, оқыту, қабылдап алу, жинақтау жүйесін ұйымдастыру тәртібі, оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттерінің функциялары қамтылған.

**Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)**

Қағиданың 1 тарауының 7 тармағына сәйкес тәрбиеленушілер контингенті бөбекжай-балабақшада 2-ортаңғы, 2-ересек, 2- мектепалды топтары жасақталғаны анықталды.

**Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:**

1) 2- ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 24 бала;(екі топта – 48 бала)
